



# ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Араб тілі ықпалының әлсіреуі





Араб тілінің ислам халифатының территориясында әлсіреп, өзінің күш-қуатынан айырылудың себептерін қарастыратын болсақ, бір дәнді себу үшін, ол жер өңделеді, белгілі бір мерзімі келгенде, дән егіліп, ол дән жемісін береді. Жер өңделмегенде, қанша жерден дән ексең де, ол жемісін береді деп айту қиын. Тіл де солай.

Омеяд халифаты кезінде «ұлтшылдық» саясаты қолданылды. Омеяд халифаты – 661–750 жылдары өмір сүрген феодалдық мемлекет. Олар арабтарды жоғары санап, басқа ұлттарды «әжәм» деп атады. Бұл басқа араб емес мұсылмандардың ішінде оларға деген кектің пайда болуына алып келді. Олар қорлық көргендіктен, бұл саясатқа қарсы әрекет жасауды ойлады. Барлық араб тілінің үлкен ғылыми жетістіктері, саяси көзқарастардың кемшілік тұстарынан құрылды. Мұндай жағдай ХХ ғасырда да орын алды. Кеңестік дәуірдегі саясат әуелі халықтардың, ұлттардың бірлігі деп басталған ұран, өзге ұлттарды қыру, жою, қуғын-сүргінге жіберу, одан кейін оның сорақысы тілі мен мәдениетіне тиісу болды. Сол кезде 15 республикалық мемлекет халықтарының ішінде кеңестік үкіметіне қарсы өшпенділік пайда болды. Соның нәтижесінде, басқа да саяси экономикалық себептер, барлығы қосылып, кеңес одағының күйреуіне жол ашылды. Кеңес одағының қаншама ғылыми жетістіктері болса да, теңсіздіктің кесірінен ол бәрібір күйреді. Омеяд халифаты кезеңіндегі саяси ұстаным, өзге ұлттарға қарсы болуының кесірі, кейін өз жемісін бере бастады. Бұл әсіресе Ирандықтарға ауыр тиді. Өйткені Ирандықтар өз тарихына мақтанатындай жазба тарихы бар, әлемде әділдікке ұмтылған халық болғандықтан, бұл әділетсіздікке шыдай алмай, Иранда Омеяд халифатына қарсы қозғалыстар басталды. Соның негізінде ирандықтардың көмегімен Абу Муслим Хорасани Омеяд халифатына қарсы күресіп, билік басына Аббас әулетінің келуіне жол ашты. Аббас халифаты билікте өте ұзақ уақыт 750–1258 жылдарға дейін отырған. Парсылар да Омеяд билігіне қарсы әрекеттер жасаған. Олар араб жерінде басталғандықтан, ислам әлемінің билігін қолға алу оңай еместігін біліп, парсының саяси қайраткері Аббасты Омеяға қарсы қойды. Оған көмектесіп, 750 жылы Омеяд халифатын жойып, Аббас әулеті билікті қолға алды. Түркілердің «Атлах шайқасы» осы Аббас әулетінің кезеңінде болған. Аббас әулетінің басты ерекшелігі – олар «ұлтшылдық» саясатынан бас тартты. Ислам діні ешқашан өзге ұлттардың тілі мен дініне, нанымына қарап бағаламайды, әр ұлттың азаматына адам деп қарайды. Әрбір мұсылман – мұсылман болғанша, тең құқығы болу керек деген ұстанымда болды. Сол себептен, парсылардың да, түркілердің де еркін ойлануына мүмкіндік берілді.

Хорасан аймағында Бағдаттан Саман әулеті билікке келгенде, олар Иран мәдениеті мен тарихына ерекше көзбен қарап, оны білуге тырысқан. Кеңесшілерінен, Хорасан аймағында Иранның ежелгі тарихын білетін қариялардың бар жоғын сұрап, оларды кеңеске шақыртқан. Сол қариялардың кейбіреуінде, Ирандықтардың ежелгі дәуірде жазылған, әдеби тілдегі жазбалары болған екен. Сол қариялар айтқан естеліктер қағазға түсіріліп, «Шахнаме» деген атпен жарық көреді.

«Шахнаме» («Патшалар кітабы») – парсы ақыны Фирдоуси жазған эпикалық поэма, парсы әдебиетінің дүр мұрасы, иран халқының ұлттық эпосы. Бұл кітап проза тілінде жазылған еді. Кейін ол кітаппен танысқан зиялы қауым, оның жырға айналғанын арман етті. Олар, егер жырға айналса, ел, халық, Иранның ежелгі тарихымен танысады, білетін болады деп ойлады. Көптеген ақындар осы жұмысты атқаруға атсалысады. Солардың ішінде Әбу Шакир әл-Балхи, Рудаки, т.б. ақындар бар. Содан Асади Туси деген ақын бұл кітаптың аудармасына кіріседі. Бірақ екі мың жолын аударғаннан кейін қызметкерінің қолынан қаза болады. Саман әулеттері халифа тарапынан Хорасан аймағына тағайындалып, әмір болғаннан бастап, Иран тарихының зерттелуі қолға алынды. Мансуреп Саман одан екі жыл өткен соң қайтыс болған, бірақ артында осы «Шахнаме» кітабы қалған. Осы кітаптың парсы тіліне аударылуына осы Саман билігінің қолдауы көп әсер етті. Әбілқасым Фирдауси ақын, Асади Тусиден кейін осы кітаптың аудармасын жалғастырып аяғына дейін жеткізеді.

Әбілқасым Фирдоуси (935–1020) қазіргі Иран елінің шығысында орналасқан Түс қаласында дүниеге келіп, сонда қайтыс болды. Ол Саман Әулеті патшалық құрған кезеңде өмір сүрген. Иран жұртының «ұлттық ақыны» ретінде әйгілі «Шахнаме» шығармасымен әлем әдебиетінде ерекше орынға ие ақын.

Халықтардың арасында сол кезде, жыр өнері өте зор бағаланатын. Парсылар болсын, түркілер болсын жырға, поэзияға, поэмаға ерекше көңіл бөлетін. «Шахнаме» кітабы жырға



айналғаннан кейін тез тарап, атақты болған. 75 дастаннан тұратын бұл кітапты адамдар қызыға оқыған. Бұл кітап парсы тілінің жаңа өріске жетуіне үлкен ықпал жасады. Парсы тілі сол кезде ұмытылып бара жатыр еді. Екі жылдай үстемдік құрған тіл – араб тілі болатын.

Бұл шығарманы неліктен жырға айналдырып аударғаны туралы түсіндірмесін Фирдоуси өзінің еңбегінде анық жазған:

Отыз жылдай тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,  
Сол арқылы, парсыларды өз тіліне жүгінттім.  
Замананың желіменен, бораны да жоя алмас,  
Әсем зәулім сарайды мен, сөзбен салып құбылттым,

Демек, 30 жылын ақын осы шығармасын прозадан жырға айналдыруға сарп еткен екен. Сөйтіп, парсы тілін қайта тірілтіп, өз арманына жеткен. Тек қана парсылар ғана емес, түркілер де парсы тілін үйренуге құмар болып, Орталық Азияда біртіндеп, араб тілінің ортадан кетіп, парсы тілі кеңінен тарай бастаған. Араб тілі Омеяд халифатының «ұлтшылдық» саясаты әсерінен күшейді, сол күшке қарсы бір қуат, бір фактор керек болды. Ол факторды парсылар, саяси және мәдени екі бағытта жүргізді.

Саяси бағыт дегеніміз – егер саяси билік мәдениет пен тілді қолдамаса, оның ары қарай өрістеуі мүмкін емес. Мысалы, «Шахнамені» жазуға саяси билік тарапынан тапсырма болмағанда, ол іске аспайтын еді. Аббас әулетінің демократиялық көзқарасы, Саманның Хорасан аймағында әмір болып тағайындалуына мүмкіндік туғызды. Сол мүмкіндікті өзінің жақсы көретін парсы тарихы мен тіліне жұмсады. Саяси билік ғалым, ғұламаларды, ақын-жазушыларды, жыршыларды, тарихшыларды қолдап, еңбектерін хатқа түсірді, оларға барлық жағдайды жасап отырды. Сөйтіп, парсы тілі араб тілін Орталық Азиядан ығыстырды. Осы кезеңнен кейін парсы тілі кеңінен өрістеп, әлемдік деңгейге көтеріліп, әлемнің әсем, терең ойлы тіліне айналған. Бүгін парсы тілі әлемдік орны бар тілдердің қатарында, парсы тілінде жырлаған жеті жұлдыз ақындар да соған куә болып отыр. Парсы тілінің күшеюіне Орталық Азияның да үлесі бар. X ғасырда жаңа дәуір басталғанда, парсы тілінің (дари) өріс алуына себеп болған, қазіргі Тәжікстанда дүниеге келген Абу Абдаллах Рудаки ақын. Ол тілдің көркемдік жағынан дамуына өте үлкен ықпал жасады. Себебі оның еңбектері көркемдік жағынан өте жоғары деңгейде болатын. Бұл парсы тілінің, әдебиетінің тарауына септігін тигізді. Қазіргі кезде Орталық Азия, Иран, Кашмир, Ауғанстанда 200 млн-нан аса халық парсы тілінде сөйлейді. Мәселе, парсы тілінде сөйлеу емес, парсы тілі араб тілінің ықпалында жүріп, араб тілінен жақсы әсер алды. Араб тілінің өзіндік әуенділігі мен сұлулығын парсылар ала білді. Көптеген жағдайда парсы ақындары бұл тілдің әуенділігін одан да асыра пайдалана алатын. Парсы тілі өзінің әдебиетімен үстемдік құрды, ежелгі мәдениетін дәріптеді, салт-дәстүрін сақтай білді, сөйтіп, әлемді мойындатып келе жатқан ұлы өркениетті елге айналды.

Иран әдебиеті, кезінде, әлемдік деңгейге өте жоғары деңгейге көтерілгендіктен, «Шахнамадан» бастап, бес ғасыр бойы бүкіл әлем әдебиетіне өз ықпалын жасап отырды. Иран әдебиетінің түркі және араб әдебиетімен қарым-қатынасы өте күшті болды. Бұл жөнінде көптеген зерттеу жұмыстары бар. Еуропалықтар да Иран әдебиетінің тарихын көп зерттеген.

Иран әдебиетін Фирдоуси мен Сағдиге дейін Эдуард Браунның бірнеше томдық зерттеу жұмыстары бар. Бұларды оқып Иранның әртүрлі кезеңдеріндегі әдебиетімен таныса аласыздар. Иран әдебиетінің зерттеулерін әу баста, иран ғалымдары жазған жоқ, оны шетелдіктер жазды. Хафездің ғазалдарын бірінші рет түсініктеме жазып берген Суди деген түрік ғалымы болған. Одан кейін XX ғасырдың аясында Иран ғалымдары да өз әдебиетіне мән бере бастады. Түркі тілінде де, Иран әдебиетінің түркі және араб әдебиетімен арақатынасын қазақ даласында дүниеге келген Шейх Ахмет Құдайдад Таразидың еңбектерінен оқи аламыз. Соның бірі «Көркем сөз өнері» еңбегіне күні бүгінге дейін көп көңіл бөлінбей келе жатыр. Иран мен түркі және парсы әдебиетінің қарым-қатынасын, осы кітаптан анық оқып зерттеуге болады. Тілдік тұрғыдан да, әдеби тұрғыдан да, көркемдік тұрғыдан да өте үлкен көмегі тиеді. Парсылар, түріктер, арабтар әдеби шығармаларының қаншалықты бір-біріне жақындығын, бір-біріне ықпалын да осы кітаптан көре аламыз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін XIX ғасырдың қазақ ақындары мен жыраулары Иран әдебиетіне, жалпы шығыс әдебиетіне қатты көңіл бөлген. Олардың жырлаған дастандарының



көбі, жалпы, үнді, араб, парсының әсерінен жырланған дүниелер. Иранмен көрші болғандықтан, көптеген дастандар Үндістаннан болсын, Арабтан болсын, Иран арқылы бізге өтіп отырған. Иран әдебиетін зерттеудегі аудармалар қолымызда бар.

Әбілқасым Фирдаусидің «Шахнамесі» негізінде жырланған аударма немесе соның ықпалымен дербес зерттелген жұмыс 1936 жылы қазақ тілінде жазылды. Соңғы үшінші басылымы 2009 жылы Сарыарқада, 2 томдық кітабы шығарылған. «Шахнамені» қазақ тілінде оқып, Иран мен қазақ әдебиетінің қарым-қатынасы жайлы көптеген қорытындылар жасауға болады.

Парсы тілінде шығарылған соңғы кітап, ол «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп аталады. Бұл кітап Иран мен Қазақстанның, қазақ әдебиеті мен парсы әдебиетінің тарих бойынша қарым-қатынасын, біршама саралап шығады. Бұл кітаптар зерттеушілерге өте құнды дүние.

Қорыта айтқанда, кез келген Парсы, Иран әдебиетін зерттеймін деген адам, осы кітаптарды оқып, қорытынды жасаса, әлемдік деңгейдегі Иран әдебиеті жөнінде болып жатқан зерттеулерден хабардар болады.